



## 2025 ЖЫЛҒЫ МӘМС ЖАРНАСЫ ҚАНША?

2025 жылы Қазақстандағы ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғы деңгейде қалатындықтан, МӘМС төлемдерінің көбісі өзгермейді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры екілерінің мөлшеміне, МӘМС төлемдерін өз алдына төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін жарналарды есептеу үшін ең төменгі жалақы мөлшері негізге алынады. 2025 жылы оның мөлшері сол күйінде қалады – 85 000 теңге. Демек, жарналар мөлшері де өзгермейді.

Жұмыс берушілер мен жұмысшылар үшін мөлшерлеме көлемі де өзгеріссіз қалады – сәйкесінше 3% және 2%.

Тек біржолғы төлем мөлшері 21,5%-дан 23,8%-ға азаматтар үшін мемлекет тарапынан санаттағы деңгейіне өзгереді, сондай-ақ жеңілдетілген санаттағы жарналар мөлшері де орташа айлық жалақының 1,9%-ынан 2%-ына дейін өзгереді. Бұл көрсеткіш өткен екі жылдағы ағымдағы қаржы жылының орташа айлық жалақысынан есептеледі. Бұл мөлшемі мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚР орташа айлық жалақысы 364 295 теңгені құрады.

Осылайша, 2025 жылғы МӘМС төлемдерінің

мөлшері мынадай болады:

- Жұмыс берушілердің жарналары – қызметкердің табысынан 3%;
- Жұмысшылардың жарналары – табыстың 2%-ы;
- Біржолғы төлем төлеушілер – жалақы қорынан 23,8%;
- Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалардың жарналары – табыстың 2%-ы;
- Жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың жарналары – 5 950 теңге (АЕК-тің 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы, сәйкес қаржы жылының республикалық бюджет заңымен бекітілген);
- Дербес төлеушілердің жарналары – 4 250 теңге (АЕК-тің 5%-ы);
- Мемлекет тарапынан МӘМС-ке теленетін жарналар – 7 285,9 теңге.

МӘМС жарналарын «Қазпошта» АҚ, екінші деңгейлі банктердің кассалары мен мобильді қосымшалары, сондай-ақ терминалдар арқылы төлеуге болады.

**Динара Сапарбекова,**  
Шымкент қалалық №4 емхана  
ЖТД бөлімінің меңгерушісі

ҚРЭТРМ ОШЖДҚ «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркi» РММ-сi ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 4-тармақшасының талаптарына сәйкес 2025 жылдың 24 қаңтарынан бастап 20 жұмыс күні ішінде «Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын кеңейтудің жаратылыстану-ғылыми негіздемесі» жобасына Бірыңғай экологиялық (Ecorportal.kz) порталында жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Ескертулер және ұсыныстар беру үшін және жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық (Ecorportal.kz) порталында танысуға болады.

РГУ «Сайрам - Угамский государственный национальный природный парк» КЛХЖМ МЭПР в соответствии с требованиями подпункта 4 статьи 87 Экологического Кодекса РК, сообщает, что с 24 января 2025 года в течение 20 рабочих дней на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz) будет проводиться обсуждения по проекту «Естественно-научное обоснование расширения территории Сайрам-Угамского государственного национального природного парка». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (Ecorportal.kz) для предоставления замечаний и предложений.

## Медициналық қалдықтарды сақтау, тасымалдау шаралары қатаң бақылауда

«Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы қатаң сақталынады.

- 1) «А» сыныбы қалдықтары - қара;
- 2) «Б» сыныбы - сары;
- 3) «В» сыныбы - қызыл;
- 4) «Г» сыныбы - ақ.

«А» сыныбы медициналық қалдықтарын жинауға мынадай талаптар қойылады:

- 1) жинау көп рет қолданылатын

контейнерді толтырылғаннан кейін қақпақпен тығыз жабылады және үш тәуліктен асырмай сақталатын медициналық қалдықтарды сақтауға арналған үй-жайға жіберіледі;

6) оларды бөлімшеден шығару үшін «Б» және «В» сыныбының медициналық қалдықтарын

ауысымына 50-ден астам адамды қабылдайтын амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілерінде механикалық іске қосылатын сыртқа тарту желдеткішпен, биологиялық қалдықтарды сақтауға арналған тоңазыту жабдығымен, стеллаждармен, таразылармен,